



Qazaqstan Respublikasy Zaınnama  
jáne quqqytyq aqparat institutyynyń

# JARSHYSY

## gylymi-quqqytyq jýrnal №4 (71)-2022

**Құрылтайшы және баспагер:**  
«Қазақстан Республикасының  
Заңнама және құқықтық  
ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ  
**2006 жылдан бастап шығады**  
Журналдың материалдары  
**www.zqai.kz**  
сайтында орналастырылған  
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың  
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға  
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген  
(ҚР БҒМ БҒССҚК 14.02.2022 ж.  
№38 бұйрығы)

**Редакциялық кеңес құрамы**  
**Сәрпеков Р.Қ.** - з.ғ.к., Қазақстанның еңбек  
сіңірген қайраткері (Астана, Қазақстан) –  
(төраға)  
**Абайдідинов Е.М.** – з.ғ.д. (Астана,  
Қазақстан)  
**Абызов Р.М.** – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)  
**Белых В.С.** – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)  
**Губин Е.П.** – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)  
**Мельник Р.С.** – з.ғ.д. (Астана,  
Қазақстан)  
**Моисеев А.А.** – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)  
**Муромцев Г.И.** – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)  
**Рахметов С.М.** – з.ғ.д. (Астана,  
Қазақстан)  
**Малиновский В.А.** – з.ғ.д. (Астана,  
Қазақстан)  
**Узила Шапақ** – з.ғ.д. (Астана, Қазақстан)

**Бас редактор**  
**Дүйсенов Е.А.** – з.ғ.к.

**Редакциялық алқа құрамы**  
**Азер Алиев** – PhD (Киль, Германия)  
**Байниязова З.С.** – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)  
**Жанғарашев Р.М.** – LL.M (Астана,  
Қазақстан)  
**Исмағұлов К.Е.** – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)  
**Ишекөв К.А.** – з.ғ.д., доцент (Мәскеу, Ресей)  
**Қазбаева Ә.Г.** – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)  
**Қайырбаева Л.К.** – PhD (Астана, Қазақстан)  
**Князова А.Ж.** – LL.M (Астана, Қазақстан)  
**Құлжабаева Ж.О.** – з.ғ.к. (Астана,  
Қазақстан)  
**Мұрзашев Қ.Т.** – (Астана, Қазақстан)  
**Нұрмағамбетов Р.Ғ.** – PhD (Челябинск, Ресей)  
**Примашев Н.М.** – з.ғ.к. (Астана,  
Қазақстан)  
**Рахымбердин К.Х.** – з.ғ.д. (Өскемен,  
Қазақстан)  
**Тегізбекова Ж.Ч.** – з.ғ.к. (Бишкек,  
Қызығызстан)  
**Финк Д.А.** – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)

Редактор – **Қолтубаева Г.Б.**  
Беттеуші – **Тасирова А.С.**  
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат  
және коммуникациялар министрлігі  
Ақпарат комитетінің  
БАҚ есепке қою туралы күзлігі  
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.  
(Алғашқы есепке қою кезі  
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,  
010000, Астана қ., Қабанбай-батыр даңғ.,  
19, С-блогы, 306-каб., тел.: 8(7172)26-61-22  
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru  
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы .....7

**Конституциялық және әкімшілік құқық**  
**Р.Қ. СӘРПЕКОВ** Қазақстан Республикасы

мемлекеттік органдарының заң жобалау  
қызметіндегі ғылыми қоғамдастықтың рөлі ..... 13  
**Р.Қ. СӘРПЕКОВ, В.Т. КОНУСОВА** Қазақстанда  
лоббизмді заңнамалық регламенттеу туралы мәселеге ..... 20  
**С.К. ЖЕТПИСОВ, Б.К. НҰРҒАЗИНОВ, А.Ш. ХАМЗИН**

Конституциялық құқықтар призмасы арқылы көші-қон:  
этникалық және демографиялық контекст, еңбек  
ресурстарының ұтқырлығы ..... 29

**А.А. КАРАЕВ** Конституциялық сот - адам мен  
азаматтың құқықтары мен бостандықтарын  
қорғаудың маңызды органы: шет елдердің тарихи-  
құқықтық тәжірибесі ..... 41

**Н.А. САРТАЕВА, Е.Б. АХМЕТОВ** Мүтедек  
адамдардың елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысуын  
қамтамасыз ету мақсатында саяси партиялар мен  
сайлау туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері ..... 50

**А.С. АХМЕТОВ** Құқықтық білім берудің  
дамуының қазіргі мәселелері ..... 59  
**Ж.У. ТЛЕМБАЕВА, Г.С. БАЗАРОВА** Қазақстан  
Республикасының денсаулық сақтау саласындағы  
заңнамасының кейбір мәселелері туралы ..... 68

**А.Ә. ДӘУЛЕТХАНОВА** Қазақстан Республикасының  
қоғамдық денсаулық сақтау заңнамасының  
жай-күйі мен дамуы ..... 76

**Азаматтық және азаматтық-процестік құқық**

**А. АМАНГЕЛДІ** Қолданыстағы 2018 жылдың  
20 маусымындағы зияткерлік меншік аясындағы  
Қазақстан Республикасының заңнамасында з.ғ.д.,  
профессор **А. Амангелдінің** диссертациясынан  
не жүзеге асты ..... 85

**А.А. АСЫЛБЕКОВА** Қазақстан Республикасының  
Азаматтық процестік кодексiне енгізілген кейбір  
өзгерістер мен толықтырулар ..... 94

**Ф.Г. ИБРАГИМОВА, Е.М. АЙТКАЗИН,**  
**А.Е. ИСМАГУЛОВ** Қазақстан Республикасының  
фармацевтика нарығында дәрілік заттар мен  
медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасы  
қағидаларының сақталуы ..... 101

**Г.Ә. АБДРАСУЛОВА, У.Е. КУДИЯРОВА** Некелерін  
бұзған бұрынғы ерлі-зайыптылардың кезінде  
бір-біріне берген сыйлықтарын қайтару жолдары  
(сот шешімі негізінде) ..... 110

**Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс**

Д.А. ФИНК Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басында жәбірленушінің құқықтарын қалпына келтірудің қылмыстық-процестік құралына кол жеткізу .....	117
С.М. РАХМЕТОВ Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы Қылмыстық кодекстің кейбір нормаларын қолдану практикасының мониторингі .....	124
К.Х. РАХИМБЕРДИН, М.Р. ГЕТА (Новокузнецк, Ресей) Қазақстан Республикасындағы еңбек саласындағы сексуалдық зорлық-зомбылық пен қысым көрсетуге қарсы іс-қимылдың кейбір криминологиялық және қылмыстық-құқықтық аспектілері .....	135
Б.М. ИМАШЕВ Маман мен сот сарапшысының қызметінде қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарын іске асыру: проблемалар мен перспективалар. 1 бөлім.....	146
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатын дамыту шеңберінде азаматтардың құқықтарын қорғау .....	155

**Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану**

Е.В. ПОРОХОВ Халықаралық салық құқығының түсінігі, пәні және нысандары туралы мәселеге .....	165
Е.С. ЖАМБАЕВ, Н. СӘУЛЕН, А.Н. САГАДИЕВ Еуропалық құқықтағы жеке өмір мен дербес деректерді қорғауды құқықтық реттеудің өзекті мәселелері .....	174
А.А. КЕНЖАЕВ, Ж.А. ХУДОБЕРГАНОВ (Өзбекстан Республикасы, Ташкент) Орталық Азияның су-құқықтық мәселесі «парламенттік дипломатия» объектілерінің бірі ретінде .....	183
А.М. ҚАРАТАЕВА, Д.Б. МАХАМБЕТСАЛИЕВ Америка Құрама Штаттарындағы мемлекеттік биліктің іске асырылуының кейбір мәселелері .....	192
М.Н. НҰРТАЙ, Ж.Т. САЙРАМБАЕВА ТРИПС келісіміндегі шекаралық шаралар туралы ережелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына әсері .....	204

**Құқықтық мониторинг**

Е.К. АХМЕТОВ, М.Ж. КУЛИКПАЕВА Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалаудың кейбір мәселелері .....	212
М.И. ДЯЧУК, С.С. ШИШИМБАЕВА «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының тиімділігін талдау .....	224
Ж.А. ЖАДАУОВА, А.С. РАМАЗАНОВА Халықтың радиациялық қауіпсіздігі саласындағы заңнаманы жетілдіру .....	235

**Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан**

Ғ.Д. МАҚАНОВА Халықаралық шарттардың ғылыми лингвистикалық сараптама-сының кейбір мәселелері.....	246
---	-----

**Жас ғалым мінбері**

Е.Б. АХМЕТОВ Қазақстан Республикасы мен шет елдерде әкімшілік сот ісін жүргізуде соттың белсенді рөлі қағидасы .....	252
А.Р. КУМАРБЕКОВА Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекеттің негізгі актісі: теориядан реформалау тәжірибесіне дейін .....	261
А.Б. САТАЕВА Англия мен Қазақстанның азаматтық процесіндегі сотқа дейінгі хаттама: салыстырмалы талдау.....	268
А.Е. НҰРТАН Атқарушылық іс жүргізудің құқықтың дербес саласы ретіндегі мәні мен маңызы .....	276
Г.С. ТАТЕБАЕВА Жоғары қауіптілік көзі келтірген зиян үшін жауапкершілік мәселелері.....	283

**«Жаршының» архивтегі беттері**

С.С. ҚАРЖАУБАЕВ З.ғ.к. Л.Т. Тұрғанбаеваның «Қазақстандағы тіл саясаты» ғылыми жарияланымна қайта оралғанда .....	291
--	-----

**Библиография**

В.Б. ЕВДОКИМОВ М. Какителашвилидің «Деятельность политических партий в государствах-участниках СНГ» атты монографиясына рецензия. - Мәскеу: Проспект, 2021. – 228 б. ....	299
---	-----



# ВЕСТНИК

## Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

### научно-правовой журнал №4 (71)-2022

#### Учредитель и издатель:

РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»

Издается с 2006 года

Все материалы журнала размещаются на сайте [www.zqai.kz](http://www.zqai.kz)

Включен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по юридическим наукам (Приказ КОКСОН МОН РК №38 от 14.02.2022 г.)

#### Состав Редакционного совета

**Сарпеков Р.К.** – к.ю.н., Заслуженный деятель Казахстана (Астана, Казахстан) – (председатель)

**Абайдельдинов Е.М.** – д.ю.н. (Астана, Казахстан)

**Абызов Р.М.** – д.ю.н. (Барнаул, Россия)

**Байлых В.С.** – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)

**Губин Е.П.** – д.ю.н. (Москва, Россия)

**Мельник Р.С.** – д.ю.н. (Астана, Казахстан)

**Моисеев А.А.** – д.ю.н. (Москва, Россия)

**Муромцев Г.И.** – д.ю.н. (Москва, Россия)

**Рахметов С.М.** – д.ю.н. (Астана, Казахстан)

**Малиновский В.А.** – д.ю.н. (Астана, Казахстан)

**Унзила Шапак** – д.ю.н. (Астана, Казахстан)

#### Главный редактор

**Дюсенов Е.А.** – к.ю.н.

#### Состав Редакционной коллегии

**Азер Алиев** – PhD (Киль, Германия)

**Байниязова З.С.** – к.ю.н. (Саратов, Россия)

**Джангарашев Р.М.** – LL.M (Астана, Казахстан)

**Исмагулов К.Е.** – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

**Ишеев К.А.** – д.ю.н. (Москва, Россия)

**Казбаева А.Г.** – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

**Каирбаева Л.К.** – PhD (Астана, Казахстан)

**Киязова А.Ж.** – LL.M (Астана, Казахстан)

**Кулжабаева Ж.О.** – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

**Мурзаев К.Т.** – (Астана, Казахстан)

**Нурмагамбетов Р.Г.** – PhD (Челябинск, Россия)

**Примашев Н.М.** – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

**Рахимбердин К.Х.** – д.ю.н. (Усть-Каменогорск, Казахстан)

**Тегизбекова Ж.Ч.** – к.ю.н. (Бишкек, Кыргызстан)

**Финк Д.А.** – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**

Верстка – **Тасирова А.С.**

Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке на учет СМИ № 17761-Ж от 25.06.2019 г. Комитета информации Министерства информации и коммуникаций Республики Казахстан (Первичная постановка на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19, блок С, каб. 306, тел. 8 (7172) 26-61-22  
[www.zqai.kz](http://www.zqai.kz), E-mail: [instzak-kz@mail.ru](mailto:instzak-kz@mail.ru)  
[institutzakonodatelstva@gmail.com](mailto:institutzakonodatelstva@gmail.com)

<b>Колонка редакции.....</b>	<b>9</b>
<b>Конституционное и административное право</b>	
Р.К. САРПЕКОВ Роль научного сообщества в законопроектной деятельности государственных органов Республики Казахстан .....	13
Р.К. САРПЕКОВ, В.Т. КОНУСОВА К вопросу о законодательной регламентации лоббирования в Казахстане .....	20
С.К. ЖЕТПИСОВ, Б.К. НУРГАЗИНОВ, А.Ш. ХАМЗИН Миграция через призму конституционных прав: этнический и демографический контекст, мобильность трудовых ресурсов .....	29
А.А. КАРАЕВ Конституционный суд – важнейший орган защиты прав и свобод человека и гражданина: историко-правовой опыт зарубежных стран .....	41
Н.А. САРТАЕВА, Е.Б. АХМЕТОВ Вопросы совершенствования законодательства о политических партиях и выборах в целях обеспечения участия лиц с инвалидностью в общественно-политической жизни страны.....	50
А.С. АХМЕТОВ Актуальные вопросы развития правового образования .....	59
Ж.У. ТЛЕМБАЕВА, Г.С. БАЗАРОВА О некоторых проблемах законодательства Республики Казахстан в области здравоохранения .....	68
А.А. ДАУЛЕТХАНОВА О состоянии и развитии законодательства об общественном здравоохранении Республики Казахстан .....	76
<b>Гражданское и гражданско-процессуальное право</b>	
А. АМАНГЕЛЬДЫ Что из диссертации д.ю.н. профессора А. Амангельды реализовано в действующем законодательстве Республики Казахстан в сфере интеллектуальной собственности от 20 июня 2018 года .....	85
А.А. АСЫЛБЕКОВА Некоторые изменения и дополнения, внесенные в Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан .....	94
Ф.Г. ИБРАГИМОВА, Е.М. АЙТКАЗИН, А.Е. ИСМАГУЛОВ Соблюдение правил этики продвижения лекарственных средств и медицинских изделий на фармацевтическом рынке Республики Казахстан.....	101
Г.Э. АБДРАСУЛОВА, У.Е. КУДИЯРОВА Способы взаимного возврата дара бывшими супругами при расторжении брака (на основании решения суда) .....	110

<b>Уголовное право и уголовный процесс</b>	
Д.А. ФИНК Доступ к уголовно-процессуальным средствам восстановления прав потерпевшего в начале досудебного расследования.....	117
С.М. РАХМЕТОВ Мониторинг практики применения некоторых норм Уголовного кодекса об ответственности за уголовные правонарушения в сфере экономической деятельности.....	124
К.Х. РАХИМБЕРДИН, М.Р. ГЕТА (г. Новокузнецк, Россия) Некоторые криминологические и уголовно-правовые аспекты противодействия сексуальному насилию и домогательствам в сфере труда в Республике Казахстан.....	135
Б.М. ИМАШЕВ Реализация принципов уголовного судопроизводства в деятельности специалиста и судебного эксперта: проблемы и перспективы. Часть 1. ....	146
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Защита прав граждан в рамках развития принципа состязательности и равноправия сторон.....	155
<b>Международное право и сравнительное правоведение</b>	
Е.В. ПОРОХОВ К вопросу о понятии, предмете и формах международного налогового права .....	165
Е.С. ЖАМБАЕВ, Н. САУЛЕН, А.Н. САГАДИЕВ Актуальные вопросы правового регулирования защиты частной жизни и персональных данных в европейском праве.....	174
А.А. КЕНЖАЕВ, Ж.А. ХУДОБЕРГАНОВ (Ташкент, Республика Узбекистан) Водно-правовая проблема Центральной Азии как один из объектов «парламентской дипломатии».....	183
А.М. КАРАТАЕВА, Д.Б. МАХАМБЕТСАЛИЕВ Некоторые вопросы осуществления государственной власти в Соединенных Штатах Америки.....	192
М.Н. НУРТАЙ, Ж.Т. САЙРАМБАЕВА Влияние положений соглашения ТРИПС о пограничных мерах на законодательство Республики Казахстан .....	204
<b>Правовой мониторинг</b>	
Е.К. АХМЕТОВ, М.Ж. КУЛИКПАЕВА Некоторые вопросы государственного регулирования, контроля и надзора финансового рынка и финансовых организаций .....	212
М.И. ДЯЧУК, С.С. ШИШИМБАЕВА Анализ эффективности закона Республики Казахстан «О лотереях и лотерейной деятельности».....	224
Ж.А. ЖАДАУОВА, А.С. РАМАЗАНОВА Совершенствование законодательства в сфере радиационной безопасности населения.....	235
<b>Из практики законотворчества на государственном языке</b>	
Г.Д. МАКАНОВА Некоторые вопросы научной лингвистической экспертизы международных договоров .....	246
<b>Трибуна молодого ученого</b>	
Е.Б. АХМЕТОВ Принцип активной роли суда в административном судопроизводстве Республики Казахстан и в зарубежных странах .....	252
А.Р. КУМАРБЕКОВА Конституция Республики Казахстан – основополагающий акт государства: от теории к опыту реформирования .....	261
А.Б. САТАЕВА Досудебный протокол в гражданском процессе Англии и Казахстана: сравнительный анализ .....	268
А.Е. НҰРТАН Сущность и значение исполнительного производства как отдельной отрасли права.....	276
Г.С. ТАТЕБАЕВА Проблемы ответственности за вред, причиненный источником повышенной опасности.....	283
<b>Архивные страницы «Вестника»</b>	
С.С. КАРЖАУБАЕВ Возвращаясь к научной публикации к.ю.н. Л.Т. Турганбаевой «Языковая политика в Казахстане».....	291
<b>Библиография</b>	
В.Б. ЕВДОКИМОВ Рецензия на монографию М. Какителашвили «Деятельность политических партий в государствах – участниках СНГ». – Москва: Проспект, 2021. – 228 с.....	299



# Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

# JARSHYSY

scientific and legal journal №4 (71)-2022

**Founder and publisher:**  
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»  
**Published since 2006**  
All journal materials are placed on the website  
[www.zqai.kz](http://www.zqai.kz)  
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №38 from 14.02.2022)

#### Editorial Council members

**Sarpekov R.K.** – c.j.s., Honored Worker of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan) – (Chairman)  
**Abayeldinov E.M.** – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)  
**Abyzov R.M.** – d.j.s. (Barnaul, Russian)  
**Belih V.S.** – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)  
**Gubin E.P.** – d.j.s. (Moscow, Russian)  
**Melnik R.S.** – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)  
**Moiseev A.A.** – d.j.s. (Moscow, Russian)  
**Muromcev G.I.** – d.j.s. (Moscow, Russian)  
**Rahmetov S.M.** – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)  
**Malinovski V.A.** – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)  
**Unzila Shapak** – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)

#### Chief Editor

**Dyussenov Ye.A.** – c.j.s.

#### Editorial Board members

**Azer Aliyev** – PhD (Kiel, Germany)  
**Bainiyazova Z.S.** – c.j.s. (Saratov, Russian)  
**Dzhangarashev R.M.** – LLM (Astana, Kazakhstan)  
**Ismagulov K.Y.** – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)  
**Ishekov K.A.** – d.j.s. (Moscow, Russian)  
**Kazbayeva A.G.** – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)  
**Kairbaeva L.K.** – PhD (Astana, Kazakhstan)  
**Kiyazova A.Zh.** – LLM (Astana, Kazakhstan)  
**Kulzhabayeva Zh.O.** – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)  
**Murzashv K.T.** – (Astana, Kazakhstan)  
**Nurmagambetov R.G.** – PhD (Chelyabinsk, Russian)  
**Primashev N.M.** – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)  
**Rakhimberdin K.H.** – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)  
**Tegizbekova Zh.Ch.** – c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)  
**Fink D.A.** – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Editor – **Koltubaeva G.B.**

Layout – **Tasirova A.S.**

Tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, Kabanbay-batyr ave., 19, block C, office 306, tel.: 8(7172)26-61-22  
[www.zqai.kz](http://www.zqai.kz), e-mail: [instzak-kz@mail.ru](mailto:instzak-kz@mail.ru)  
[institutzakonodatelstva@gmail.com](mailto:institutzakonodatelstva@gmail.com)

<b>Editorial</b> .....	<b>11</b>
<b>Constitutional and Administrative Law</b>	
R.K. SARPEKOV The role of scientific community in the legislative activities of state bodies of the Republic of Kazakhstan .....	13
R.K. SARPEKOV, V.T. KONUSOVA On the issue of legislative regulation of lobbying in Kazakhstan .....	20
S.K. ZHETPISOV, B.K. NURGAZINOV, A.S. KHAMZIN Migration through the prism of constitutional rights: ethnic and demographic context, labor mobility .....	29
A.A. KARAEV The constitutional court is the most important body for the protection of human and civil rights and freedoms: historical and legal experience of foreign countries .....	41
N.A. SARTAYEVA, Y.B. AKHMETOV Issues of improving legislation on political parties and elections in order to ensure participation of persons with disabilities in the socio-political life of the country .....	50
A.S. AKHMETOV Current issues of the development of legal education .....	59
Zh.U. TLEMBAYEVA, G.S. BAZAROVA About some problems of the legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of healthcare .....	68
A.A. DAULETKHANOVA On the state and development of legislation on public health of the Republic of Kazakhstan .....	76
<b>Civil and Civil Procedure Law</b>	
A. AMANGELDY What from the thesis of doctor of law, professor Amangeldy A.A. implemented in the current legislation of the Republic of Kazakhstan in the sphere of intellectual property of June 20, 2018 .....	85
A.A. ASSYLBEKOVA Some amendments and additions made to the Civil procedure code of the Republic of Kazakhstan .....	94
F.G. IBRAGIMOVA, Y.M. AYTKAZIN, A.E. ISMAGULOV Compliance with the rules of ethics for the promotion of medicines and medical products in the pharmaceutical market of the Republic of Kazakhstan .....	101
G.E. ABDRASULOVA, U.E. KUDIYAROVA Ways to return gifts to each other at the dissolution of marriage by former spouses (based on a court decision) .....	110

<b>Criminal law and Criminal procedure</b>	
D.A. FINK Access to the criminal procedure means of restoring the rights of the victim at the beginning of the pre-trial investigation.....	117
S.M. RAKHMETOV Monitoring of the practice of applying certain norms of the Criminal code on liability for criminal offenses in the field of economic activity .....	124
K.K. RAKHIMBERDIN, M.R. GETA (Novokuznetsk, Russia) Some criminological and criminal legal aspects of countering sexual violence and harassment in the sphere of work in the Republic of Kazakhstan.....	135
B.M. IMASHEV Implementation of the principles of criminal justice in the activities of a specialist and a forensic expert: problems and prospects. Part 1.....	146
K.E. ISMAGULOV, E.N. KALIAKPEROVA Protection of the rights of citizens in the framework of the development of the principle of competition and equality of the parties.....	155
<b>International law and Comparative law</b>	
Y.V. POROKHOV To the question of the concept, subject and forms of international tax law .....	165
Y.S. ZHAMBAYEV, N. SAULEN, A.N. SAGADIEV Actual problems of legal regulation of privacy and personal data protection in European law .....	174
A.A. KENZHAEV, J.A. KHUODOBERGANOV (Tashkent, Republic of Uzbekistan) The water and legal problem of Central Asia as one of the objects of "parliamentary diplomacy" .....	183
A.M. KARATAYEVA, D.B. MAKHAMBETSALIYEV Some issues of the exercise of the state power in the United States of America.....	192
M.N. NURTAY, ZH.T. SAYRAMBAEVA Impact of the TRIPS agreement provisions on border measures on the legislation of the Republic of Kazakhstan .....	204
<b>Legal monitoring</b>	
Y.K. AKHMETOV, M.ZH. KULIKPAYEVA Some issues of state regulation, control and supervision of the financial market and financial organizations .....	212
M.I. DYACHUK, S.S. SHISHIMBAYEVA Analysis of the effectiveness of the Law of the Republic of Kazakhstan «On Lotteries and lottery activities» .....	224
ZH.A. ZHADAUOVA, A.S. RAMAZANOVA Improvement of legislation in the field of radiation safety of the population .....	235
<b>From the lawmaking practice in the official language</b>	
G.D. MAKANOVA Certain issues of international treaties scientific linguistic expertise .....	246
<b>Young researchers' tribune</b>	
Y.B. AKHMETOV The principle of the active role of the court in the administrative proceedings of the Republic of Kazakhstan and in foreign countries .....	252
A.R. KUMARBKOVA Constitution of the Republic of Kazakhstan is the fundamental act of the state: from theory to experience of reform.....	261
A.B. SATAYEVA Pre-action protocol in civil proceedings in England and Kazakhstan: a comparative analysis .....	268
A. NURTAN Essence and meaning of enforcement proceedings as a separate branch of law.....	276
G. S. TATEBAYEVA Problems of liability for damage caused by a source of increased danger .....	283
<b>The archive pages of the «Bulletin»</b>	
S.S. KARZHAUBAYEV Returning to the scientific publication of c.l.s. L.T. Turganbayeva «Language policy in Kazakhstan».....	291
<b>Bibliography</b>	
V.B. EVDOKIMOV Review of M. Kakitelashvili's monograph «Activity of political parties in the CIS member states». – Moscow: Prospekt, 2021. – 228 p.....	299

## НЕКЕЛЕРІН БҰЗҒАН БҰРЫНҒЫ ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ КЕЗІНДЕ БІР-БІРІНЕ БЕРГЕН СЫЙЛЫҚТАРЫН ҚАЙТАРУ ЖОЛДАРЫ (СОТ ШЕШІМІ НЕГІЗІНДЕ)

**Гульнар Эркеблановна Абдрасулова**

*M. Narikbaev KAZGUU Universiteti, Жеке құқық  
департаментінің Teaching Proffesor, з.ғ.к.,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: g\_abdrasulova@kazguu.kz*

**Улбала Ерзатовна Кудиярова<sup>1</sup>**

*M. Narikbaev KAZGUU Universiteti, Жеке құқық  
департаментінің Teaching Proffesor, з.ғ.к., Астана қ.,  
Қазақстан Республикасы; e-mail: y\_kudiyarova@kazguu.kz*

**Аннотация.** Бұл мақаланы жазуымыздың себебі қазіргі таңда еркек пен әйел некелерін қизан кезде не болмаса некелерін заңдастырмай, әдет-ғұрып салты бойынша қалың мал, құдалық және тағы басқа да рәсім не кәдеге берген сыйлықтарына қатысты, яғни сол неке қизан ерлі-зайыптылар некелерін бұзған жағдайда берген сыйлықтарын қайтаруға қатысты дауды өзара шеше алмай сотқа талап қою арызын жазады. Осыған қатысты, қанишалықты бұл мүіктерді даулап қайтаруға болады? Тараптар арасында бұл салт дәстүрдегі кәделерді бір-біріне (еркек пен әйел жақтарына) беру келісімиарт болып табылады ма? Бұндай мәселе туындаған жағдайда ерлі-зайыптылар міндетті түрде некелері заңдастырылған болуы керек пе? Бұл келісімиартты сыйға тарту шарты деп тануға болады ма және ол қандай нысанда жүзеге асырылады? Қандай жағдайда сый тартушы тарап сый алушыға берген мүіктің күшін жоя алады? Әйелдің артына алып келген жасауын ер адам бермеуге құқығы бар ма? Не болмаса ер адам той жасадым деген уәжбен әйел адамның артынан келген мүікті ұстап қалуға қанишалықты құқығы бар? Ер адамның бұл мүікті ұстап қалуы мүікті заңсыз иеленуі болып табылады ма? Ер адам мен әйел азаматша бір-бірінің ата-анасына не туыстарына берген сыйлықтарын, атап айтқанда алтын комплект және тағы басқаға қатысты мүіктерді қайтаруды талап ете алады ма? Заңсыз иеленген мүікті меншік иесі даулай алады ма? Осы мәселелерді виндикациялық талаппен қарастыруға болады ма? Осындай дауларға қатысты талап қоюшы моральдық зиянның орнын толтыруды талап ете алады ма? Моральдық зиянның мөлшері қандай болмақ? Қоғамда болып жатқан әдет-ғұрып негізіндегі сыйға тарту кәделерін заңды рәсімдемей, оны қайтару кезінде қандай мәселелер туындауы мүмкін және тағы басқа осы мәселе аясында мәселелерді шешу сот тәжірибесінде қалай реттеледі және сот тәжірибесінен алынған оқигаларды заңмен байланыстырып талдауға тоқталамыз.

**Түйінді сөздер:** ерлі-зайыптылар, мүік, мүікті заңсыз иелену, виндикациялық талап.

## СПОСОБЫ ВЗАИМНОГО ВОЗВРАТА ДАРА БЫВШИМИ СУПРУГАМИ ПРИ РАСТОРЖЕНИИ БРАКА (НА ОСНОВАНИИ РЕШЕНИЯ СУДА)

**Абдрасулова Гульнар Эркеблановна**

*M. Narikbaev KAZGUU Universiteti, Teaching Proffesor  
департаментта частного права, к.ю.н.,  
г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: g\_abdrasulova@kazguu.kz*

<sup>1</sup> Хат-хабарға арналаган автор

**Кудиярова Улбала Ерзатовна**

*M. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti, Teaching Proffesor  
департамента частного права, к.ю.н.,  
г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: y\_kudiyarova@kazguu.kz*

**Аннотация.** Причина обращения к заявленной в данной статье тематике состоит в том, что в настоящее время возросло количество исков в суде в результате расторжения брака между мужчиной и женщиной либо прекращения фактических брачных отношений по поводу возврата подарков, являвшихся предметом дарения при осуществлении обычаев калыма, кудалыка и т.д. Насколько эти вещи можно оспорить по этому поводу? Является ли договором между сторонами передача этих подарков друг другу (мужской и женской сторонам) в ходе следования обычаям? Должны ли супруги в случае возникновения такого спора обязательно узаконить свой брак? Можно ли признать данный договор договором дарения и в какой форме он осуществляется? В каких случаях одаряемая сторона может отказаться от переданного ему имущества? Имеет ли право мужчина не возвращать имущество, которое было передано женщине при вступлении в брак? Или насколько женщина имеет право претендовать на имущество, связанное с организацией свадебных торжеств? Является ли удержание этого имущества мужчиной незаконным владением имуществом? Могут ли мужчина и женщина требовать от другой стороны возврата подарков, которые они дарят родителям или родственникам друг друга, а именно имущества, имеющего высокую стоимость (золотые комплекты, к примеру)? Может ли незаконно приобретенное имущество быть оспорено собственником? Может ли быть виндцировано такое имущество? В отношении таких споров может ли истец требовать возмещения морального вреда? Каков будет размер морального вреда? Какие проблемы могут возникнуть при возврате дарения без его юридического оформления на основе обычаев, соблюдаемых в обществе? В рамках данного вопроса мы остановимся на таких отдельных аспектах судебной практики.

**Ключевые слова:** супруги, имущество, незаконное владение имуществом, виндикационный иск.

## WAYS TO RETURN GIFTS TO EACH OTHER AT THE DISSOLUTION OF MARRIAGE BY FORMER SPOUSES (BASED ON A COURT DECISION)

**Abdrasulova Gulnar Erkeblanovna**

*M. Narikbaev KAZGUU Universiteti, Teaching Proffesor  
of the Department of Private Law, Candidate of Law,  
Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: g\_abdrasulova@kazguu.kz*

**Kudiyarova Ulbala Erzatovna**

*M. Narikbaev KAZGUU Universiteti, Teaching Proffesor  
of the Department of Private Law, Candidate of Law,  
Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: y\_kudiyarova@kazguu.kz*

**Abstract.** The reason for writing this article is that at present, a man and a woman at the conclusion of marriage, or without the legalization of marriage, according to custom, in relation to the donation of kalym, kudalyk and so on, that is, in the case of divorce, the spouses who entered into this marriage, without mutual settlement of the dispute write a statement of claim to the court..... How much can these mosses be disputed about this? Is there an agreement between the parties to transfer these customs to each other (male and female parties)? Should the spouses, in the event of such a question, necessarily legalize their marriage? Is it possible to recognize this contract as a donation contract and in what form is it carried out? In what cases can the donee cancel the property transferred to the donee? Does a man have the right not to give what he brought behind a woman's back? Or to what extent does a woman have the right to detain property that came for her with the motive that a man arranged a wedding? Is the retention of this property by a man



*illegal possession of property? Can a man and a woman demand from a citizen the return of gifts that they give to each other's parents or relatives, namely property related to a gold set and so on? Can illegally acquired property be challenged by the owner? Is it possible to consider these issues with a vindication requirement? In relation to such disputes, can the plaintiff claim compensation for moral damage? What will be the amount of moral damage? What problems may arise when returning a gift without its legal registration on the basis of customs occurring in society, and so on. Within the framework of this question, we will focus on how the resolution of issues in judicial practice is regulated and how the analysis of events from judicial practice correlates with the law.*

**Keywords:** spouses, property, illegal possession of property, vindication suit.

DOI: 10.52026/2788-5291\_2022\_71\_4\_110

### Кіріспе

Аталған мәселелер бойынша, яғни ерлі-зайыптылар немесе некелерін заңдастырмаған еркек пен әйел бірге тұрған кезінде, әсіресе әйелдің артынан келген жасауын сыйлық деп қарастырсақ, онда сый алушы ретінде еркек пен әйел болып табылуы мүмкін, ал егер бұл тұлғалар мінездері жағынан жараспай бөлек кетсе, мүлік кімде қалады мәселесі қарастырылады. Не болмаса ер адам той жасадым, құдалық шақырдым, туыстарына сыйлық тақтым деген талаптарымен әйелдің жасауымен келген мүлік осы шығындарды жапты дейтін мәселелер не болмаса жасау ретінде берілген мүлік ортақ деп қарастырған жағдайларда аз кездеспейді. Қазіргі таңда бұл мәселе тәжірибеде жиі кездеседі. Көп жағдайда тараптар өзара шешіп жатады, ал кейбір жағдайда бір тараптың құқығы бұзылып, сол күйінде жабулы қазан деп жылы жауып қоятындар да кездеседі. Егер бұл мәселені сыйға тарту келісімшарты деп қарастыратын болсақ онда сыйға тарту келісімшарты екі жақты мәміле, екі тараптың өзара келісімі негізіне жүзеге асырылатын тараптар арасында жасалатын келісімшарт. Кейбір зерттеулерде сыйға тарту келісімшартын біржақты келісімшарт деп қарастырған және келісімшарт бойынша бір тараптың сыйға тартушының ғана міндеттемесі болады деп негіздеген [1, 241 б.]. Бұл мәселелерде егер ер адам мен әйел бірге тұрмаса, әйелдің артынан келген жасауы ер адамда қалса, оны заңсыз иеленіп жүр деп қарастырсақ, онда виндикациялық талап деп қарастыра аламыз ба, яғни меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап етуге құқылы, бұл Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 260 бабына сәйкес жүзеге асырылады<sup>2</sup>. Ер адам мен

әйелдің бірінің осы мәселеге сәйкес күйзеліске түсуі бойынша, моральдық зиянның орнын толтыру заң бойынша өтелмейді, себебі Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 951-бабының 4-тармағына сәйкес, заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтың мүліктік құқықтарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздік) арқылы келтірілген моральдық зиян өтелуге жатпайды<sup>3</sup>.

### Материалдар мен әдістер

Некелерін бұзған бұрынғы ерлі-зайыптылардың кезінде бір-біріне берген сыйлықтарын қайтару жолдарының теориялық мәселелері мен сот тәжірибе мысалында қарастыру барысында тарихи-құқықтық, талдау, синтез әдістерін қолдана отырып кешенді жүргізілді. Сонымен қатар, тақырыпқа сәйкес қарастырылған мәселе аясында Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің жалпы және ерекше бөлімдері, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінің ережелері зерттелді.

### Талқылау және оның нәтижелері

Қазіргі таңда сыйға тарту келісімшартына қатысты және меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап етуі мәселелері тәжірибеде жиі кездеседі. Осы мәселеге қатысты бірнеше соттың тәжірибесін қарастырайық, кейсте қарастырылған тұлғалардың есімдері, қала атаулары өзгертілген. Қоғамда еркек пен әйел некені құрған кезде, ербаланың ата-анасы көп жағдайда қыздың ата-анасының алдынан өтіп, құда түсіп, сырға салып баратынына куәміз. Бұл енді бұрыннан келе жатқан үрдіс. Қоғамдағы әдет-ғұрыптар әрине жақсы, бірақ неке қидырған ерлі-зайыптылар некелерін бұзып,

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі. Қазақстан Республикасының кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ / *adilet.zan.kz* (жүзінген күн 03.10.2022 ж.)

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 кодексі / *adilet.zan.kz* (жүзінген күн 03.10.2022 ж.)

құдалар бір-біріне жасаған сыйлықтарын қайтаруға және тағы басқа да жағдайларға қатысты тәжірибеде көптеген мәселелер орын алған. Осы мәселеге сәйкес бірнеше сот шешімдерін қарастырайық. Кейіпкерлердің аты-жөнін өзгертіп, сот шешімдеріне көз салсақ, N қаласының M аудандық сотында қарастырылған іс бойынша талап қоюшы А тұлға, оның өкілі А1, ал жауапкер В деген тұлғаға және оның өкілі В1 заңсыз иеленген өзіне тиесілі мүліктің құны 623 290 теңге қаражатын және моральдық зиян 1 000 000 теңге өндіру туралы талап қою арызын берген. Сотта анықталғандай, 2014 жылы қаңтар айында А есімді азаматша (талап қоюшы) мен В азамат (жауапкер) некелерін қиюға өзара келіседі. Осы мақсатта А азаматшаның әке-шешесі жауапкердің үйіне қазақтың салт дәстүрі бойынша «тәтті шай» рәсіміне барып, қыз ұзату тойының күнін белгілеген. Осы қаңтар айында талап қоюшының әкесі тойға сый ретінде алынатын заттарды сатып ал деп 1 000 000 теңге берген. 27.03.2014 жылы қыз ұзату тойы өткен. Талап қоюшы сатып алынған заттарды тойға дейін 10 күн бұрын жауапкердің мекенжайы бойынша өзінің тұратын үйіне апарып қойған. 28.04.2014 жылы азаматша А сол үйге келін болып түскен. Кейін талап қоюшы А мен В бір-бірімен мінездері жараспай, талап қоюшы 26.05.2014 жылы жауапкердің үйінен киім-кешектерін, төсек орындарын алып, өзінің әке-шешесінің үйіне қайтқан. Алайда талап қоюшының артынан келген бірнеше жасауындағы заттар қалған, атап айтқанда жатын бөлмесінің гарнитурасы, теледидар, мұздатқыш, жылыту пеші, шаңсорғыш, кіржуғыш және т.б., яғни барлық заттардың құны 623 290 теңгені құрайтын заттар жауапкердің иелігінде қалған. Ал жауапкердің қарсы талабында 500 000 теңге қалың мал ақшаны бергенін айтады, бірақ оған қатысты ешқандайда дәлелдемелер расталмаған. Сонымен қатар 500 адам шақырып үйлену тойын жасағанын, талап қоюшының анасына «ана сүті» деп 100 000 теңге бергенін, салт-дәстүр бойынша есік ашып барғанда көрпе-төсекке мақта, матаға 50 000 теңге бергенін және талап қоюшы оқуына кетерде билет алып беріп, қолына 60 000 теңге ұстатқанын тілге тиек етеді. Және жауапкердің айтуынша некені бұзуы-

на себеп болған талап қоюшының денесіне көбелектің суретін татуаж етіп салып, жігіттік ар-намысына тиіп, ұялы телефонындағы «WhatsApp» әлеуметтік желісі арқылы салып жіберген және оны біраз адамдарға таратып, ар-ождан намысына тиген. Қысқаша мәнжай осылай болған. Сот өз кезегінде екі тарапты тыңдап, келесі баптарды басшылыққа алған, олар Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 188-бабының 2-тармағы<sup>4</sup>, яғни меншік иесінің өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болады делінген, демек талап қоюшының артынан жасау болып келген мүлік оның жеке меншігіндегі мүлік деп танылу керек; Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 260-бабы бойынша<sup>5</sup>, яғни меншік иесі өзгенің заңсыз иеленген өз мүлкін талап етуге құқылы делінген, бұл теорияда виндикациялық талап ретінде түсіндіріледі. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 35-бабының 1-2-тармақтарына сәйкес,<sup>6</sup> яғни некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған мүлік, яғни бұл жағдайда талап қоюшы некеге дейін артынан алып келген жасауының меншік иесі болып табылғанын меңзейді; ерлі-зайыптылардың некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде мұрагерлік тәртіппен немесе өзге де өтеусіз мәмілелер бойынша сыйға алған мүлкін, яғни некеге дейін талап қоюшыға әкесі артынан апаратын мүлікті сатып ал деген мақсатта 1 000 000 теңге беріп, сол ақшаға сатып алынғанын дәлелдейді.

Сот жауапкердің қарсы берген талаптарын қанағаттандыруға негіз жоқ деп тұжырымдап, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 506-бабының 1-тармағын басшылыққа алған<sup>7</sup>, яғни сыйға тарту келісімшарты бойынша бір тарап (сый тартушы) басқа тараптың (сыйды алушының) меншігіне затты немесе өзіне немесе үшінші адамға мүліктік құқықты (талапты) тегін береді немесе беруге міндеттенеді не оны өзінің немесе үшінші тұлғаның алдындағы мүліктік міндеттен босатады немесе босатуға міндеттенеді, яғни бұл жағдайда талап қоюшы сый алушы ретінде, ал жауапкер сый тартушы тарап ретінде түсіндіріліп сый алушыда ешқандайда сый тартушының алдында міндеттеме жоқ екенін негіздеп тұр.

<sup>4</sup> Сол жерде

<sup>5</sup> Сол жерде.

<sup>6</sup> Неке(ерлі-зайыптылық) отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV кодексі / *adilet.zan.kz* (жүзінген күн 03.10.2022 ж.)

<sup>7</sup> Сол жерде

Алайда Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 512-бабы 5-тармақтан тұрады, егер осы баптың 1-тармағын саралайтын болсақ онда, сыйға тартудың күшін жоюға негіз болатын ережелер қамтылған, атап айтқанда, егер сый алушы сый тартушының өміріне, оның отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының біреуіне қастандық жасаса не сый берушіге қасақана дене зиян қасқаны салса, сый тартушы сый тартудың күшін жоюға құқылы деп көрсеткен, яғни егер талап қоюшы тарапынан жауапкерге қандайда бір жоғарыда көрсетілген әрекеттер орын алдыртса, сәйкесінше сыйға тартудың күшін жоюға негіз болар еді. Алайда аталған мән-жайлар орын алмаған. Демек, бұл кейсте виндикациялық талап негізінде меншік иесі мүлікті өзге тұлғаның заңсыз иеленгенін дәлелдей отырып талап ете алады дегенді білдіреді. Жалпы, меншік құқығын қорғаудың бұл тәсілі заң әдебиетінде виндикациялық талап деген атпен кеңінен таралған. Виндикациялық талап дегеніміз иеленбеуші меншік иесінің жеке – белгілі бір мүлікті (затты) заңсыз иеліктен осы мүлікті іс жүзінде иеленуші адамға қайтару жөніндегі шарттан тыс талабы [2, 572 б.]. Сонымен қатар виндикациялық талаптың пәні табиғи сақталған дара зат болып табылады, яғни басқа затқа өзгертілмеген, меншік иесінің затын қайтару болып табылады [3, 478 б.]. Ал сыйға тарту келісімшартына келетін болсақ, сыйға тарту келісімшартының пәні материалдық заттар немесе ақша болып табылады [4, 233б.]. Яғни бұл жағдайда сый тартушы сый алушыға өзінің затын меншігіне бере алады дегенді білдіреді. Ал егер сый тартушының жауаптылығына келетін болсақ, сый тартушыға сыйға берген заттың жиынтылығына не оның сапасына қатысты жауаптылық болмайды. Және жалпы ережеге сәйкес, сыйға тарту біржақты келісімшарт, онда сый алушыда қандайда бір міндеттеме туындамайды [5, 294 б.]. Сот бұдан басқа Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 951-бабының 4-тармағын<sup>8</sup>, яғни заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтардың мүліктік құқықтарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздік) арқылы келтірілген моральдық зиян өтелуге жатпайды деген ережені басшылыққа ала отырып, талап қоюшының моральдық зиянның орнын толтыруға қатысты талабын қанағаттандырмаған. Біздің ойымызша

бұл орынды, себебі моральдық зиян - жеке тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы. Бұл жағдайлар талап қоюшыда орын алмаған.

Осы мәселеге ұқсас тәжірибеде болған мәселелердің тағы бірін қарастырсақ, кейіпкердің аты-жөні өзгертілген, А деген тұлға (бұдан әрі - талап қоюшы) мен Б деген тұлға (бұдан әрі - жауапкер) 02.04.2009 жылы некелерін қияды. 07.03.2010 жылы С деген ортақ баласы дүниеге келген. 17.08.2011 жылы ерлі-зайыптылар некелерін бұзады. Талап қоюшы некеге тұрған кезде артынан жасау ретінде алып келген, жалпы сомасы 640 580 теңгені құрайтын мүліктерді өндіруді сұраған. Жауапкер қарсы талап қою арызында қалың мал ретінде 150 000 теңге алып барып бергендерін және осы ақша соманы өндіріп алуды сұраған.

Сот талап қоюшының пайдасына Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 260-бабы бойынша<sup>9</sup>, яғни меншік иесі өзгенің заңсыз иеленген өз мүлкін талап етуге құқылы дей отырып, яғни мұны виндикациялық талап ретінде таныған. Сонымен қатар «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 35-бабының 1-тармағының сәйкес некеге тұрғанға дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған және некеде тұрған кезде сыйға берілген мүлік, ерлі-зайыптылардың жеке өздеріне тиесілі мүлік болып табылатынын тілге тиек еткен.

Ал жауапкердің талап қоюшыға қалың мал ретінде берілген 150 000 теңгені өндіру туралы бөлігі қанағаттандыруға жатпайды деп шешкен, себебі бұл ақшаны «Ана сүті ақысы» ретінде талап қоюшыға емес, оның анасына берген. Бұл соманы талап қоюшыдан өндіруге негіз жоқ деп шешкен. Егер анасына «Ана сүті» ақысы деп берсе, сол тұлғадан, яғни анасынан талап етуі тиіс. Осыған орай, талап қоюшының талабы қанағаттандырылған.

Келесі соттың шешімі еркек пен әйелдің некелерін заңдастырмай бірге тұрып, ортақ баласы бар, мінездері жараспай бөлек тұрған кезде, сол бірге тұрған кездегі мүліктерін даулауға қатысты сот шешімін қарастырайық.

03.05.2015 жылдан бастап А деген азаматша (бұдан әрі – талап қоюшы) мен С деген азаматпен (бұдан әрі – жауапкер) мұсылманшылық жолмен некелері тіркелген

<sup>8</sup> Сол жерде.

<sup>9</sup> Сол жерде.

(мұндай некеге заңдастырылмаған), азамат пен азаматша бірге тұрған, сол кезде неке-лерін заңдастармаса да ата-аналары құдалық шақыруды жасаған, одан кейін азамат пен азаматшаның мінездері жағынан бір-бірімен жараспай, бөлек кеткен. 02.03.2016 ортақ қызы туылғанда, талап қоюшы жауапкерден бірге тұрған уақытында бірнеше рет некелерін заңдастыруды өтінгенімен, барлық уақытта кейінге қалдырып отырған. Бұл орайда талап қоюшы тілегінің аяқасты еткенін және қатты күйзеліске ұшырағанын, құқығының тапталғанына намыстанған. Сонымен қатар, талап қоюшының отбасы бірқатар материалдық шығын жұмсағандарын, құдалық атқарып қонақ күту үшін 100 000 (жүз) мың теңге көлемінде азық-түлікпен сойыстық қой малы алынғанын, «GRAND COMPANY PLUS» ЖШС құны 260 000 (екі жүз алпыс) мың теңге тұратын жатын жиһазы бергенін, және күйзеліске түскен өтемақысы ретінде, 5 000 000 (бес миллион) теңге, барлығы 5 360 000 (бес миллион үш жүз алпыс мың) теңге өндіруді сұраған.

Жауапкер өз кезегінде талап қоюшының кейбір талаптарына келіспей, қарсы уәж қояды, яғни құдалық күтуге 1500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге көлемінде материалдық шығын жұмсағандарын айтты. Соның ішінде талап қоюшыға 220 000 (екі жүз жиырма мың) теңге қалыңмал бергендерін, тойға жасауға 800 000 (сегіз жүз) мың теңге жұмсалғанын, талап қоюшыға алтын комплект, киімдер, туыстарына сыйлықтар алғандарын айтты. Сот екі тарапты таңдай келе, талап қоюшының талабын ішінара қанағат-

тандырылды. Яғни Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 260-бабына сәйкес, меншік иесі өзгенің заңсыз иеленген өз мүлкін талап етуге құқылы. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 152-бабының 1-тармағының 2-бөлімшесіне сәйкес<sup>10</sup>, мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, бір жүз айлық есептік көрсеткіш жоғары сомаға жазбаша түрде жасалуы тиіс деп көрсеткен. Және Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 951-бабының 4-тармағына сәйкес, заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтың мүлкітік құқықтарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздік) арқылы келтірілген моральдық зиян өтелуге жатпайды, делінген. Сонымен, сот талап қоюшының жатын жиһазын қайтаруға қатысты талабын ғана қанағаттандырған.

### Қорытынды

Некелерін бұзған бұрынғы ерлі-зайыптылардың кезінде бір-біріне берген сыйлықтарын қайтару жолдарының теориялық аспектілері мен сот тәжірибе мысалында қарастыру барысында, бұл мәселелер, яғни некеде тұрған ерлі-зайыптылар немесе некеде тұрмай салт дәстүр бойынша бірге тұрған ер адам мен әйел (бұл тұлғалар заң бойынша ерлі-зайыпты болып табылмайды) мінездері жараспай не өзге себептермен некелерін бұзса, не бөлек тұрып кетсе, артынан келген мүліктерін даулай алады. Бұл сыйға тарту келісімшартына қарағанда меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап етуге құқығы ретінде қарастырған жөн.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омирбекова А.О. Қазақстан Республикасының заңнамалары бойынша сыйға тарту шартының құқықтық реттеу / «Заманауи әлемдегі ғылым мен білім». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Қарағанды «Болашақ Баспа» РББ. 2013. – 326 бет., 1 том.
2. Азаматтық құқық. 1 том. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық (академиялық курс). Өңделген және толықтырылған 2-басылым. Жауапты ред.: М.К. Сүлейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы, 2003. – 736 бет.
3. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций. – Алматы: «Нур-пресс», 2006. – 722 с.
4. Гражданское право. Учеб. / С.С. Алексеев, Б.М. Гонгало, Д.В. Мурзин [и др]; под общ. ред. чл. – корр. РАН С.С. Алексеев. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Проспект; Екатеринбург: Институт частного права, 2010. – 528 с.
5. Российское гражданское право: Учебник: В 2 т. II: Обязательственное право / Отв. ред. Е.А. Суханов. – М.: Статут, 2010. – 1208 с.

<sup>10</sup> Сол жерде.

## REFERENCE

1. Omirbekova A.O. Қазақстан Республикасының заңнамалары бойынша сыйға тарту шартының құқықтық реттеу. / «Zamanai әлемдегі ғылым мен bilim». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Қарағанды «Болashaқ Baspa» RBB. 2013. – 326 бет., 1 том.
2. Азаматтық құқық. 1 том. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық (академиялық курс). Өңделген және толықтырылған 2-басылым. Zhauapty red.: M.K. Sylejmenov, Ju.G. Basin. – Almaty, 2003. – 736 бет.
3. Grazhdanskoe pravo. Obshhaja chast'. Kurs lekcii. – Almaty: «Nur-press», 2006. – 722 s.
4. Grazhdanskoe pravo. Ucheb./S.S. Alekseev, B.M. Gongalo, D.V. Murzin [i dr]; pod obshh. red. chl. – korr. RAN S.S. Alekseev. 2-e izd., pererab. i dop. – M.: Prospekt; Ekaterinburg: Institut chastnogo prava, 2010. – 528 s.
5. Rossijskoe grazhdanskoe pravo: Uchebник: V 2 t. II: Objazatel'stvennoe pravo/ Otv. red. E.A. Suhanov. – M.: Statut, 2010. – 1208 s.

